

Дәрілік заттарды ерекше сатып алу № 36 қорытындылары туралы хаттама

Нұр-Сұлтан қаласы
Достық к-сі, 13/3 үй

05 қараша 2020 жыл

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы № 1729 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 19-тарауына және «Дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы» «СҚ-Фармация» ЖШС Басқарма төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 12-2/389 бұйрығына сәйкес, комиссия құрамы:

1. Искалиев Е.С. – Басқарма төрағасы, комиссия төрағасы;
2. Сақ Н.И. – кеңесші, комиссия төрағасының орынбасары;
3. Искаринова С.С. – кеңесші;
4. Қансұлтан Н.Ғ. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
5. Омарова Г.А. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
6. Салиев А.С. - басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
7. Калмагамбетова А.Т. – басқарушы директор – Басқарма мүшесі;
8. Альжанов Б.Т. - қауіпсіздік қызметтің басшысы;
9. Ербатыр Е.Е. - сатып алу басқармасының бастығы;
10. Коскельдинова А.К. - құқықтық қамтамасыз ету басқармасының бастығы;
11. Темирбулатов А.М. - дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету басқармасының бас менеджері (бұдан әрі – Комиссия),

дәрілік заттарды ерекше сатып алуға қатысу үшін 2020 жылғы 04 қараша сағат 15.00-ге дейін комиссия хатшысының электрондық поштасына келіп түскен өтінімдерді қарап, **АНЫҚТАДЫ:**

1. Осы хаттамаға 1-қосымшаға сәйкес 2020 жылғы 30 қазанда «СҚ-Фармация» ЖШС www.sk-pharmacy.kz интернет-ресурсында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуының алдын алу, төтенше жағдайларды болдырмау және олардың салдарын жою мақсатында мынадай дәрілік заттарды ерекше сатып алу туралы шақыру орналастырылды.

2. Мынадай әлеуетті өнім берушілер қатысуға өтінімдер ұсынды:

Атауы, БСН	Орналасқан жері	Күні мен уақыты	E-mail
«INKAR» ЖШС 990140004337	Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, №404/67 үй	04.11.2020 14.06	Джамиля Алаева <dalaeva@list.ru>

3. Әлеуетті өнім беруші осы хаттамаға 2-қосымшаға сәйкес сауда атаулары бар 2 дәрілік затты ерекше сатып алуға қатысуға өтінім ұсынды.

4. №№ 1-2 және 4-7 позициялар бойынша дәрілік заттың 6 атауы бойынша ерекше сатып алуға қатысуға өтінімдер ұсынылған жоқ.

5. «INKAR» ЖШС №3 позициясы бойынша өтінім Қағидалардың 20-тармағының 1) тармақшасын, 214-тармағының 2) тармақшасын бұзды, «LS Pharm» ЖШС (ДЗ Фарм) берген тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге

және қолдануға уәкілетті органның рұқсатының көшірмесін ұсынды, ал «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсатты алмай немесе тиісті хабарламаны жібермей жүзеге асыруына жол берілмейді. Осы Заңда өздеріне қатысты рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлғалар рұқсатты алуға және ол жарамды болуға тиіс, ал хабарламаны жеке немесе заңды тұлға жіберуге тиіс.

6. Әлеуетті өнім берушінің құжаттарын қарау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 5-бабының 1-тармағын, 3, 20, 212, 214, 247, 253, 262, 372 басшылыққа ала отырып, Комиссия, **ШЕШТІ:**

1) Қағидалардың 247-тармағының 20) тармақшасының негізінде уәкілетті органның тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және қолдануға рұқсатының немесе уәкілетті органның тауарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және қолдануға рұқсатының көшірмесін ұсынбауына байланысты әлеуетті өнім беруші «**INKAR**» ЖШС-нің өтінімі қабылданбасын.

2) №№ 1-2 және 4-7 позициялар бойынша дәрілік заттардың 7 атауы бойынша сатып алу Қағидалардың 262-тармағы 2) тармақшасының негізінде өтінімдердің болмауына байланысты өтпеді деп танылсын, сондай-ақ №3 позиция бойынша Қағидалардың 262-тармағы 2) тармақшасының негізінде бірде-бір әлеуетті өнім беруші қатысуға жіберілмесін.

Осы хаттама «СҚ-Фармация» ЖШС-нің интернет-ресурсында жариялануға жатады.

Комиссия төрағасы

Е. Искалиев

Комиссия төрағасының орынбасары

Н. Сақ

Комиссия мүшелері:

С. Искаринова

Н. Қансұлтан

Г. Омарова

А. Салиев

А. Калмагамбетова

Б. Альжанов

А. Коскельдинова

Е. Ербатыр

А. Темирбулатов

Комиссия хатшысы

А. Кайбагарова